ISSN 1683-1

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им.С.ТОРАЙГЫРОВА

2'2003

ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

ИСА БАЙЗАҚОВТЫҢ СУРЕТКЕРЛІК ШЕБЕРЛІГІ

А.Ф. Зейнулина

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекетік университеті

Мақалада қазақ әдебиетінің жыр дүлдүлі Иса Байзақовтың шығармашылығы туралы қарастырылады. Әсіресе Иса Байзақовтың «Ақбөпе», «Құралай сұлу», «Кавказ» поэмаларының көркемдік ерекшелігінің табиғаты танылады. Ақынның сұырып салмалық өнерінің ерекшелігі көрсетіледі.

В статье рассматривается творчество одного из ярких поэтов казахской литературы – Исы Байзакова. Особое внимание уделяется исследованию природы художественного мастерства поэм Исы Байзакова «Акбопе», «Куралай сулу», «Кавказ». Показана меткость поэтического слова поэта.

In the article there is examined the creative works of one of the most outstanding poets of kazakh literature – Isa Baizakov's. Spesial attention is paied to the research of the nature of the artistic perfection of such Isa Baizakov's poems like «Akbopye», «Kuralay sulu», «Kavkaz». There is exposed the keenness of his poetic word.

Иса Байзақов – қолына домбырасы мен қаламын қатар ұстаған дарынды импровизатор, жазба әдебиеттің көрнекті қаламгері. Ақынның импровизаторлық өнерін таныткан негізінен желдірмелері болса, жазбагерлік шеберлігін таныткан - поэмалары. Домбыра сүйемелімен жыр нөсерін тасқындатып, сәнлақ жүйріктей самғай жөнелетін Исаның ақындық өнері екі үлкен саладан байқалады. Ақын шығармашылығы бірде ауыз әдебиеті үлгілерін сақтаса, негізгі саласы жазба әдебиеттің биік талаптарынан танылады. Осыған байланысты Исаның қыры мен сыры, мол ақындық арнасы да қос өрімденіп келеді.

Иса шығармашылығының екі жақты болып келуіне байланысты, оның ақындық өнері көбіне ауыз әдебиеті стилі тұрғысынан бағаланып та жүрді. Сондықтан Исаның ақындық өнері ауыз әдебиетінде жатыр ма, немесе шығармалары жазба әдебиеттің талап, тілектеріне жауап берерліктей стильде жазылып па деген сауалдарға жауап іздеген ғалымдарымыз баршылық.

Халқымыздың аса талантты ақыны Иса Байзақовтың телегей теңіз суырып салмалық керемет өнері жайында да, оның жазып қалдырған әдеби мұралары да баспасөз бетін аз көрген емес. Ақынмен талай жыл достас болған жазушы Николай Анов өзінің «Ән қанаты» атты кітабында оның таңғажайып бейнесін жасаған. Ол туралы Манап Хасенов: «Иса Байзақовтың ақындығы және стильдік ерекшелігі» деген монография жазды. Сонымен қатар, әдебиет зерттеуші ғалымдардың, ақын, жазушылардың, журналисттердің, өнер ардагерлерінің және басқаларының Иса Байзақов туралы жазған ғылыми-зерттеу мақалалары, әдеби сындары, естеліктері топталып, ақынның 100 жылдық мерейтойына арналып, 2000 жылы Мүбәрак Жаманбалиновтың редакторлығымен және Айтжан Баделхановтың құрастыруымен баспа бетіне шығып, оқырмандарымен қауышты. Аталмыш еңбекке енгізіліп отырған мақалалардың авторлары – Дихан Әбілов, Әбділда Тәжібаев, Мәриям Хакімжанова, Иван Шухов сияқты Исамен бірге болған белгілі қаламгерлер, Серік Қирабаев, Өмірзақ Айтпаев, Серік Негимов, тағы басқа әдебиет зерттеуші ғалымдар, ақындар. Бұл әдебиет зерттеуші ғалымдар мен көрнекті ақын-жазушылардың мақалаларында Иса Байзақовтың суреткерлік өнерінің ерекшелігіне, тіл шеберлігіне жан-жақты талдау жасалған.

Сондай-ақ, «Қазақ тілі мен әдебиет» журналының 2001 жылғы №1 санында Павлодар қаласының Абай атындағы №10 лицей-мектебінің мұғалімі Шарбат Жұмаділованың «Құралай сұлу» дастанының көркемдік тілі атты мақаласы жарық көргенді. Яғни, Иса шығармашылығы әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жиын, топтарда жыр нөсерін тасқындатып төгіп-төгіп тастайтын Иса, импровизаторлық өнерді жалғастырушы, әрі реализмнің талғам, талаптарын лирикалық өлеңдері мен поэмаларында шебер қолданып, жазба әдебиетте өзіндік стилін қалыптастырушы ақын.

Ақын шығармашылығын хронологиялық реттпен қарағанда, оның қамтитын тақырыптары елімізде болған тарихи жағдайлардан сыр шертіпкендей. Алғашқы жылдары ақын Қазан төңкерісінің жетістіктерін, азаттық алып, теңдікке қолы жеткен кедей, жалшылар өмірін жыр етсе, бертін келе, әлеуметтік өмірдің ішкі сырларына үңіліп, адам мінездерінде пайда болған өзгерістер мен жаңалықтарды өлеңіне арқау еткен.

Иса халық әдебиетін жатқа біліп жырлаған, айтыска қатысқан, артына толғаулар, өлеңдер мен біркатар поэмалар қалтырған. Оның алғыр темпераменттік

характері оның әндерінен-ақ, әсіресе «желдірмелерінен» анық көрінеді. Исаның суреткерлігі өсіресе, оның поэмаларынан анық көрінеді. Халық тарихының кезеңді оқиғаларын камтыған кең тақырыбымен, заман сырын ашар мазмұнымен, адам тағдырын қызықты бейнелеуімен, төгіліп тұрған өлең жолдарымен, сюжет құруға шеберлігімен Иса поэмалары құнды.

«Құралай сұлу», «Қойшының ертегісі» атты поэмалары қазақ елі өмірін тапқа, жікке бөлмеген тұстың, ел болып сыртқы жауға карсы күрескен дәуірінің шындығын бейнелейді. Ұлғайған шағында жалғыз баласы өліп, мұны молайған Монтай бидің армансыз адам іздеп, Келденге келуі, оның арманын тындауы адам ізденісінде, оның мұрат-тілегінде шек жоқ екендігіне сендіреді. Мұнда адам психологиясын түсінерлік үлкен нақыл бар. Ол – армансыз адамның жоктығы туралы шындық.

«Алтай аясында», «Ақбөпе» поэмаларын Иса жастардың бас бостандығы идеясын ел ішіндегі таптық тартысқа құра суреттейді. Ал, ақынның «Кавказ» атты тамаша поэмасы мәдениетті, шебер ақыннын үлгісі. Бұл романтикалық дастанда асқақ ақын кавказдықтардың өр кеуде, намысқой жандардың махаббат шерменделері Бағда мен Зайданың, құрбан болған балалары үшін, жатқа, жалқыға ғашық қызы Зайданың күйігінен жартастан өзі құлап өлген кәрі Жүсіп тұлғалары терең толғаныспен суреттелген.

Эпикалық көлемді поэмалар тудыруда, ақын ескі өңгіменің сүрлеу-соқпақтарын негіз етіп алған да, оған өз киялынан тың оқиғалар, жаңа ситуациялар қосып, желілі поэмалар жасаған. Бұған дөлел «Құралай сұлу», «Кавказ», тағы да басқа поэмалары.

Ал осы поэмалардағы Исаның суреткерлік өнеріне келсек, ел тұрмысына, тіршілік-тынысына байланысты өлең жолдарынан шындықтың тұтас көріністерін бір танитын болсақ, жеке мінездемелерде, портрет жасауда, адамның күйініш-сүйіншін суреттеуде Иса талантының күшін екінші рет көреміз. Ол үшін ел өмірінің тұтас бір суретін көз алдымызға әкелейік. Эпикалық поэмаларында ел өмірін, замана жайын тебірене толғайтын Иса адамдар тағдырына ең алдымен көз тікті.

«Ақбөпе» поэмасының экспозициясы автордың пәлсапалық ой толғамынан, яғни сол заманның әлеуметтік теңсіздігінің кесірінен Ақбөпедей қыршын жастың арманда кетуіне:

«Халықтың қасиетін жанмен ұккан,
Бұл жырды мен жырламай, кім жарлайды.
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің
Жандары бізді айт деп сыбырлайды»,-

деп, өмірлері еш болған жандардың күйініші мен кайғысына ортақтасып, өкініші мен асқақ арманын кейінгі ұрпакка паш етуді көздеген.

Поэмада XX ғасырдың бас кезіндегі әлеуметтік қайшылықтардың беті ашылып, азаматтық ар – ұжданын жоғары қойған жаңа адамдар бейнесі сомдалған.

Реализмнің әдіс, тәсілдерін пайдаланып, поэмада азаматтық бас бостандығын аңсаған жастар бейнесі жасалған. Бұл жайында Манап Хасенов : «Өктемдіктің сойылын көтергендер жаңа тәсіл, айла-амалдарға көшкен. Шығарманын әкелген жаңалығы да, өзіндік өзгешелігі де осы жақтарында»,- дейді.

Поэмада Қазан төңкерісінің алдындағы қазақ ауылынын ішкі жағдайы - әлеуметтік теңсіздіктен туған қайшылықтар көрініс тапқан. Оқырмандарын қызықтыру үшін Әмірхан мен Ақбөпе арларындағы сүйіспеншілік алынып, оқиға желісі сол ексуінің айналасында құрылған.

Бұл - Иса шығармаларындағы негізгі тәсіл. «Құралай сұлуда» Келденнің қартайып оты сөнгенше жүрегін жаралап, еңсесін басып келген өкініші мен орны толмас арманын жыр еткен. Еркежан мен Балақаз тағдырынан да осы бір жайт айқын аңғарылады. Міне, бұл «Ақбөпе» поэмасында тамырын терендете түсіреді де, ел дәстүрі, салт-сана, әдет-ғұрып қаһармандар тағдырына байланысты сөз болады.

Поэма сюжетінде кертартпа қара күштің жауыздығына қарсы бас бостандығын аңсап күреске шыққан жастар арасындағы наразылық шиеленісе келіп, адамдар арасындағы қайшылықты тұтандырған. Алайда, Әбіш тәрізді жатып атар айлалы жандардың сан алуан шырмауына түскен Әмірхандар тобы жеме-жемге келгенде тәтеп бере алмай, жеңіліс табады.

Оқиғанын бұлай шешілуі өмір шындығына қайшы келмейді. Өйткені ол кезде Әмірхан мен Ақбөпе тәрізділердің бас бостандықтарын алу үшін күресулері мүмкін еді, бірақ бай-феодалдар үстемдік еткен заманда, феодалдық ғұрыптың берік сақталған кезінде сүйгеніне бара алмай зарлаған, теңдікке қолы жетпей арманда өткен Әмірхандар аз болған жоқ-ты. Сондықтан поэмадағы суреттелген оқиға да, ақынның шешуі де сол кездегі өмір шындығына сәйкес. Ақтарланның соңынан Әмірханның қуып барып, атын жау қолынан жалғыз алып қайтуы - оның болашақта шындап, ашық күреске шығуының баспалдағы. Белдесе келгенде теңдік алу үшін озбырлыққа қарсы күрес ашканнан басқадай жол жоқ екендігін Әмірханға өмірдің өзі үйретеді. Поэманың мазмұнынан ұнамды қайшылық, әлеуметтік теңсіздік, мазмұндағы әлеуметтік қысым айқын ашылады. Бас бостандығын аңсаған Әмірхан мен Ақбөпелердің белсеніп күреске шығуы оқиға түйінін шешеді.

Поэмада әр саладан күйылып жататын оқиға тізбегі мол. Ақтарланның соңынан қуған Әмірханның Бетпақ далада жаладан жалғыз жүруі де, шығарма композициясымен біте қайнаскан.

Шығарманың сюжеттік желісі мен композициялық бітімін шебер құратын ақын поэма қаһарманын тұлғаландыра түсуде типтендірудің қилы-қилы тәсілдерін

қолданады. Рулы елдің би-болыстарына қарсы аттанарлықтай ерлік қасиеттерді қаһарман бойынан табады. Портрет жасауда кейіпкерлердің кеекін-келбетін көз алдына айна-қаперсіз келтіреді де, өрелі іске кадам басқан ер жүрек ердің нағыз өзі осы болар дейді.

Қаһармандар тағдырын жан-жақты танытуда ақынның суреттеу тәсілдерінің қыры көп. Соның бірі экспозицияны түрлендіріп, құбылтып отыру тәсілі. «Алтай аясында» оқиғаға ортақтас болған өлкенің өткені мен бүгінгісін салыстыра суреттесе, «Қойшының ертегісінде» аңызға айналған Ағыбай батырдың қалмақ жортушыларына тойтарыс берген ерлігін айтып, әңгіме – дүкен құрған екі қойшының асқақтаған тау шыңы мен құлазып жатқан ен далаға қызыға көз тастасынан –ақ көп нәрсені аңғартады. Кавказдың күзды шатқалдарында жалғыз жортып келе жатқан Бағдадан да бір терең сыр түйіп қалғандайсың.

«Ақбөпе» поэмасында табиғат көркіне танданып, тамашалап қана коймайды. Табиғаттың қатығездігі мен мылқау күшін суреттеу арқылы мақсатын орындау жолында небір қиындықтарға барған ер бейнесін шындыққа жанасымды етіп ашады.

Сөгіліп құм жатады, сырғып құлап,
Бекініп бір тұрмайды басын құрап.
Бүгін бар, ертеңіне кетед көшіп,
Еш адам білген емес, жөнін сұрап.

Жортады ақбөкендер жонды кезіп,
Жүргендей Бетпақта өмір барын сезіп.
Болмаса шөлде туған құрт-құмырска,
Төзе алмай аңдар кеткен шөлден безін.

Сөз өнері мен поэзия құдіретін шебер пайдаланған ақын 1,2-тармақтарда құмның сөгіліп құлауын шарттылықпен алып, құмның қалындығын, коюлығын, ондай құмда жүрудің қаһарманға қандай ауыртпалық тигізгенін әсерлі көрсетіп, оны матаның жібін қолмен сөккенде бірізділіпкен сөгілуіне алмастырып, құмның сырғып құлауының ерекше бір түрін көрсетеді.

«Жүріп ед құдық көрді сайды бойлап,
Байқады атырауға атын байлап.
Үніліп ең түбіне көзін салса,
Мөлдір су табанында жатыр қайнап»,-

өлең жолдарындағы «мөлдір су табанында» деген сөз тізбегі судың қасиеттілігінің және табанында ғана жатуы су тапшылығының, аздылығының көрінісі. Сондай-ақ, казақта «қайнаған судың қасиеті бар» деген. Бұл жерде ақын халықтық қолданыстағы тіркесті шебер пайдаланып, ұлттық өрнектің ұтымды қолданысын көрсеткен.

Осындай қиын-қыстау жерге тап болған Әмірхан әр түрлі қиыншылықтарға кез болады. Ақын Әмірханды қорлық көрсеткен ұнамсыз адамдармен алыстырып қана қоймай, табиғаттың тілсіз жауына да кездестірген.

Бұл салада пейзаждық суреттеудің небір түрлерін тұлырған шығармаларды бұрын-соңды жиі ұшырастыра түрсақ та, Иса суреттейтін Бетпақ дала ерекше пафоспен берілген. Байыптап қарағанда бір жаңды көрпіс көз алдыннан қозғалып өтіп бара жатады. «Бүгін бар ертеңнің кетед көшіп, Ешқ адам білген емес, жоқпын сұрап». Ақын осы сөгіліп, күлап, көшіп жатқан күмды жазирадан да өмір лебі ескендігін сезініп, өз қаһарманын сол Бетпақ далада қалдырмай, аман-есен алып шығады.

Манап Хасеновтың «Иса Байзақовтың ақындығы мен стильдік ерекшілігі» атты еңбегінде айтып өткеніндей, Иса шығармашылығының бір жаңалығы – адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты аскан шеберлікпен суреттеу. Сол жаңалық реалистік боямен боялып, романтикалық пафоста берілді. Тіршілік атаулы безетін Бетпақтың шөлінен Қодар іспетті («Қозы Көрпеш – Баян сұлу») Әмірханның да жол табуы. Ал келесі бөлімде Иса жазғы түнді де осындай аскан шеберлікпен бере білген:

«Қалғуда қараңғылық жерге түсіп,
Балғындай маужыраған жарын құшып.
Бұлттардың селдірінен сығалайды,
Түнге ымдап кейбір жұлдыз көзін қысып»,-

деп, жерді баскан қараңғылықты «қалғытып», яғни жансызға жандының әрекетін беріп, (кейіптеу) оны маужырап жарын құшқан балғынға теңейді. Бұлттардың селдірінен сығалаған кейбір жұлдыздардың «түнге ымдауы», «көзін қысуы» тағы да жансызға жан беру әрекеті. Ендігі кезекте таңның атуын:

«Пердесі көтеріліп таң сарғайып,
Ән салды бозторғай да қанат жайып,
Жылқы өріп жайылуға айналғанда,
Таң жеңіп, қараңғылық түсті тайып»,-

дейді де, таңның сарғайып аткан шағын жаңа түскен келіннің пердесі немесе терезенің пердесі емес, түн пердесі көтеріліп деп қараңғылық сөзін перде сөзімен алмастырып (метафора) айтқан. Ал «Таң жеңіп, қараңғылық түсті тайып» тармағында қараңғылық пен жарық арасындағы мәңгілік күресте таңның «жеңуі» мен қараңғылықтың «таюы» - табиғат заңдылығы. Бұл ақынның дүниеге деген пәлсафалық көзқарасының тереңдігі. Перде сөзі Абайда да бар. Онда ақын қазақ даласындағы надандықты, қараңғылықты, дүниекорлықты сынайды. Мәселен:

Наданның көнілін басып тұр,
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.

Иса психологиялық егіздеу әдісін шебер өрнектеген, Исада табиғат пен адам әркашан бірлестікте:

«Көсілген сар жазықта сағым самғап,
Жол берді Әмірханға қойнын ашып.
Сокпакка соқыр сорап түсіп алып,
Жіберді жетек атқа қамшы басып.

Қайраты осы ғана барлық болған,
Қайтадан елге кетсе өлмей аман.
Әмірхан желе жортып жүре берді,
Сағымды жолдас қылып шөл даладан», -

деген өлең жолдары төніп келе жатқан жау қуғыншыларынан қашып келе жатқан Әмірханға сағымның қойнын ашып, жол беруі, оған тіпті жолдас болуы - табиғаттың қаһарманды қоштауы. Ал:

«Шымқаған көкжиекте қызыл арай,
Көтерген күн шапағын қызыл тудай.
Тарауы сам жамырай көкке самғап,
Серпілген көк теңізі өрман қарай»,-

деген шумақтағы 1,2,4- тармақтары «шымқаған», «көтерген», «серпілген» ссімше түлғалы эпитеттерден басталып, «қызыл арай», «қызыл тудай» (теңеу), «әрман қарай» тіркестерінің өуенділігімен көмкерілген.

Көкжиек белдеу тартып қызыл нұрдан
Шапағын шашыратып бұлттарға ұрған,
Маяктің жаңа жанған шамындай боп,
Жұлдыздар жаңа шықты сейіл құрған.

Жайлауға жаңа қонған ауыл симай,
Исімен мұрын жарған жас кокорай,
Айдынды ақ айнадай ортаға алып,
Тізіліп конган бәрі кол жағалай.

Самалы салкын көлдің төске соғып,
Шомылған суға түсіп жұлдыз бен ай.
Жайланып мал отанда, жан ұяда,
Тыншыған мезгілі еді кештің сондай.

Бұл шумақтарда табиғаттың тамылжып тұрған бір сәтінің көрінісі берілген. Акын «сейіл құрған» жұлдыздарды маяктің жаңа жанған шамына теңейді. Ал жаңа

шыккан көкорайдың жұпар исін «мұрын жарған» деген тұрақты тіркесі арқылы өте әсерлі етеді. «Айдынды ақ айнадай ортаға алып, Тізіліп қонған бәрі көл жағалай» деген тармақтарда айдынның тазалығын «ақ» символ сөзі арқылы жеткізетін болса, су бетіндегі тыныштықты айнаға теңейді. Енді сол сәтілге жаңа шыккан жұлдыздардың және айдын айдын суға түскен көленкесін «шомылған» сеімше тұлғалы эпитеті арқылы суреттейді. Сонымен қатар, жансыз затқа жандының әрекетін беру де байқалады. Себебі «шомылу» нәтіжесінен жандыға тән әрекет.

«Серпіліп қараңғылық қойнын ашып,
Ай туды аспанына жұлдыз шашып,
Жаңа өскен жас шілектің тасасында,
Сойдескен екі ғашық маукын басып.

Сылдырап , жел ырғаса жапырақ күлед,
Өйткені ғашықтардың тілін білед.
Ән қосып самал келіп содан арман,
Сырды сөтіп, жөнін айтпай жүре беред.

Түншығып тыңдамасын түн неғылып,
Жас жанды жасырғаның түр той біліп.
Жеткізіп кейбіреуін мұратына,
Кейінің өмірін кескен баурын тілп».-

деп келетін олец шумақтары ақынның психологиялық егіздеу әдісін өте шебер қолданғанын дәлелдей түсетін тағы да бір көрініс. Мұнда қараңғылықтың серпіліп қойнын ашуы жансызға жандының әрекетін беру тәсіл (кейіптеу). Осындай әсем табиғаттың аясында екі ғашық маукын басады. Ғашықтардың тілін білген жел жапырақты ырғап, оны күлдіреді. Әдетте жапырақ күлмейді ғой. Мұнда жапырақтардың шоғырын жел ырғап қозғағандағы олардың сылдырауының шынымен-ақ күлкіге ұқсауы. Табиғаттың сұлулығын терен түсінген, сезіне білген Иса оны асқан шеберлікпен суреттейді. Тіпті, самал желдің ғашықтар сырын білсе де, сыр бермей жүре беруі табиғаттың да, бұл махабатты қоштауы. «Түншығып тыңдамасын түн неғылып, Жас жанды жасырғаның түр той біліп» тармағында кейбірін мұратына, кейбірін ажалына жеткізген қаранғы түннің енді екі жасты тыңдауы, күпиялас болып тұрғанын сезінуі - бәрі жансызға жандының әрекетін беру тәсілінің айғағы.

«Күлпырған жердің беті шешек атып,
Ән салып шыбын-шіркей ызыңдатып.
Қып-қызыл манардай боп жидек пісіп,
Сай-сала жұпар исін тұр анкытып.

Көрмей-ақ өлемін бе Әмірханды,
Шыдатпай кездескеншe шыбын жанды.
Жаралған бар жәндіктің қоры болдым,
Жем қылды шыбын-шіркей қатқан канды.

Әмірхан ішке тартып барлық қанын,
Түйгендей шүберекке шыбын жанын,
Айкасса дүшпанымен арманы жоқ,
Аз, көп деп санар емес кісі санын»,-

деген шумақтардың біріншісі толығымен жаздың көрінісін беріп тұр. Шешекпен күлпырған жердің беті, манардай болып піскен жидек - бәрі жұпар исін аңқытып тұр. Осындай шақтағы шыбын-шіркейдің ызыңдап ән салуы ауыл арасындағы тыныштықты жеткізіп тұрса, ал екінші шумақта шыбын-шіркейдің, жәндіктердің Ақбопенің жас тәнін жем қылуы мүлдем басқа, жан түршігерлік көрініс. Сонымен қатар шыбын «жан» мағынасында да, қолданыс тапқан. Яғни ақын халық қолданысындағы сөздерді пайдаланатын болса да, оларды әр жерде қайталайтын болса да, өзге мағынада өзге көрініс жасаған. Әрі қарай жас жандардың күйінішіне табиғат та ортақтасқандай:

«Күн батты, бұлтқа барып жарық қашты,
Құлады кеш қоңырды жерді басты.
Керуендей бұлттар көшіп, жер қозғалып,
Көңілсіз күйге түсті аспан асты»

Бұл шумақтың бірінші тармағындағы «жарық қашты» тіркесі жансызға жандының әрекетін беру жолы. Себебі қашу негізінен жандының әрекеті. Жарықтың жоғалуын әсерлі беру үшін «қашу» сөзімен тіркестіреді. Бұлттарды керуенге балау олардың қаз қатар тізілуінің, біріздiлігінің көрінісі. «Көңілсіз күйге түсті аспан асты» жолындағы «аспан асты» тіркесі алмастыру ягни, жер беті - барлық тіршілік.

«Пысқыртпай аттарының ернін буып,
Сай менен өзектердің бойын қуып,
Иіліп инеліктей жоқ боп кетті,
Жалма-жан көрінген ай, жаңа туып.

Жоғалтты жұлдыздарды бұлт баяулап,
Ұйлығып қараңғылық тұр жаяулап,
Бұлтты айдап талып келген қоңыр самал,
Күйылды күбыладан жаңа саулап»,-

деген жолдар жаңа туған айдың жұлдыздарды жан-жағына шашып, айдын көлде

шалкып шомылуына, қою қарағыда жастардың маукын басуына, оған самал желдің де сырлас, күпиялас болуына мүлде қарама-қарсы күбылыс. Инелікпей илігі жана туған айдың жоқ боп кетуі, бұлттың селдірінде қалған жұлдыздар, үйлыккан қарағылық - бәрі де бір сұмдықтың, қаптөгістің болатынын хабарлап тұрғандай. Осындағы «бұлт баяулап», «қарағылық тұр жаяулап», «талып келген қоңыр самал» - бәрі шартылықтың жемісі. Осы сарын әрі қарай орби түседі:

«Мезгілсіз неге жауды жанбыр бұлай,
Жас сұлу зар шеге ме жылай-жылай,
Немесе тоғілетін қаны ма екен
Оятқан топырақты әлде қалай»,-

деген шумақ - ақынның болжамы. Автор риторикалық сұрауды қолдана отырып: «Бұл мезгілсіз жауын не деп тұр? Әлде бұл жас сұлулын көз жасы болар ма екен немесе тоғілер қаны ма екен»,- деп өзі соған жауап іздейді. «Оятқан топырақты әлде қалай» деген тармақтағы жердің шаң-тозаның басқан жауын-шашыннан топырақтың серпілуін «оятқан» сөзімен алмастырады (метафора).

«Үстінен нұрлы жүздің саулады қан,
Мұздады тұла бойы қиналды жан
Серпілді бірі батпай дүшпандары,
Секілді жер күпіреніп, көк жылаған»,-

деген шумақтың соңғы тармағы тағы да, шартылықтың ұтымды бір қолданысы.

1. Етегін ақ көйлектің орай ілін,
2. Майысып қалып жатыр гүлдер күлім,
3. Жығылды алып деп жерге барын,
4. Кокмайса гүлдер тұрған даярланып,
5. Ей, жас тән, бізден де сен кетесін-ау,
6. Дегендей илісіп ортаға алып,
7. Гүлдерін сай-саланың тозаң басты,
8. Айрылып үясынан құстар састы,
9. Тобына түре тиіп топырлатты,
10. Талайы бас сауғалап жанталасты.
11. Ақбөпе Әмірханға наз еткендей,
12. Тілеген күлкісінен гүл себілгі,
13. Жас гүлдің, жан татпаған жана балын,
14. Улайды-ау!.. Екі жұбай бөлгіп ішті.

Осы өлең жолдарындағы «гүлдер күлім» шартылықпен жемісі. Гүлдердің жиі өскендігі көйлектің етегіне орала ілінуінен айқындалады. Себебі егер гүлдер сирек өскен болатын болса, олар орала ілінбес еді. Ал келесі шумақта жаңағы

көріністегідей көңіл көшеметі байқалмайды, гүлдердің жас тәнге пазаланып тіл қатуы, аяныш білдіруі мүлде баска көрініс. Келесі суреттеуде Әмірханға кеш те болса, көмекке келген алпыс жігіттің аттарының дүбірінен табиғаттағы болған аласапыраннан гүлдердің шаң астында қалуы суреттелген. Ендігі жерде «Тілеген күлкісінен гүл себіліп» дегендегі «гүл» сөзі бақыттылықтың символы ретінде берілген. Ал, соңғысында «Жас гүлдің жан татпаған жана балын» деп, гүл – махаббат, бал – сол махаббаттан алған жан ләззаты. Екеуі де метафора. Осыдан корытатынымыз, ақын бір сөзді бірнеше жерде қолданса да, ол ақынның ақындығын кемітпейді, керісінше өрлетеді. Себебі олар - әр жерде әр көріністің күәгерлері.

Шығарманың екінші бөлімінде егескен дүшпанға есесін жібермей, Актарланды алып қайткан Әмірханның қалыпдығына ұрын келген күйеудің жолдасы болып баруына байланысты поэма сюжеті мүлде жаңа арнаға түскен. Бұл тұста оқиға кенет өзгеріп, тың тартыс, жаңа эпизод пайда болған. Әмірханды Ақбөпеге кездестіру үшін ақын оны әдейі күйеу жолдас етіп алған. Онсыз бір ауыл мен арасы алшақ екінші ауылдағы қыз бен жігіттің жүзбе-жүз кездесуі мүмкін болмас еді. Некен-саяқ жүруді ел дәстүрі ол кезде көтермеген болар.

Әмірханды бұл жиынға Иса бекер әкелмеген. Бас қаһарманды әр уақыт жиын топтың алдына шығарып, (Мәселен, «Кавказ» поэмасындағы Бағданың Сабан тойға дәл түсуі.) өнері мен ерлігін жұрт талқысына салып, қызықтырып отыратын ақын елдің әдет-ғұрпын, дәстүрін орынды пайдаланған. Осы бір кештегі ойын-сауыққа өзі де араласып, олармен бірге жүргендей сезінетін Иса әнді ардақтап, ән сүйер халық бейнесін жасайды.

Осыған орай, ой мен сезімге бірдей әсер ететін поэзия мен адамның жан дүниесін бүтіндей баурап алатын ән күдіретін жарастыра бейнелеу бар. Мұндай жағдайда Иса әр уақыт романтикаға сөз береді. Бірақ, Иса романтикасы киялдан емес, өмірден туады да, киял қанатын қақтырады. «Топырақ жеп, домаланып еңбектеген, анырып жас бала да тыңдап қалды». Бұл – шындық. Сол шындықты түлетіп, жаңартып отырула Иса әр уақыт романтикаға қанат қақтырып, әннің күдіретті күшін жеріне жеткізе суреттейді. Туғалы ән сүймеген Мұсабектің де, бойын баурап әкетіп, табиғатты да тебіренткен ән арқылы ақын негізгі қаһарманның типтік характерін ашып, лирикалық бояулармен сезім әлеміне ұшқын тастап отырады да, суреттеу тәсілінде реалисттік ақиқат пен романтикалық өршілдік астасып жатады. Бұл да ақынның өзіне тән ерекшелігі. Мәселен:

Аспандап дауыс кетті түнді жарып,
Тамылжып сорғалады жаңға дарып.
Ұйқысын жым-жырт түннің бірден ашып,
Сезілді айқасқаны айға барып.

Соныпан үрпіс кетті «Қанат талды»,
Қалықтап жерге түспей тұрып алды.
Жаныпның бірге шертіп нәзік қылып
Үйтқытып ойламаған ойға салды

Нәр тауып жаныпның шөлі мейірі қаныпы,
Тарады тұла бойға балдай тамып.
Алпыста аузын ашқан кемпірлердің,
Лаң етіп қалды бір-бір оты жаныпы.

Осындағы «қылды шерту» тіркесі - белгілі бір музыкалық аспапқа мәселен, қылқобызға қатысты ұғым. Ал ақын Әмірханның айтып берген жырының берген әсерін көрсету үшін, адам жаныпы баулап алған әуеніпі адам жаныпың нәзік қылын бірге шертісуі, оныпы үйтқытып ойламаған ойға салуы шарттылықтың жемісі, ақын шеберлігін тағы да бір танытарлық көрініс. Сондай-ақ, шығармада алпыс жігіт, алпыс жастағы кемпір сияқты образдар бір көріпіп қалып отырады. Иса адамдардың жағымсыз мінездерін:

«Жеті ру, жетіпіс ата Қанжығалы,
Бақталас бака-шаян аңдымалы»,

деп, ел арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің салдарынан туған тартысты, бақталастықты сынаса, осындай көрініс Абайда былай беріледі:

«Құйрығы шаян, беті адам,-
Байқамай сенбе күрбыға!
Жылманы сыртта, ішпі арам
Кез болар қайда сорлыға»,-

деп, екіжүзді адамдарды мінейді. Ал, Шортанбайдағы:

«Сайлауға салып ынтасыпы,
Байлар қалта қағып тұр,
Сыр бойында шаяндай
Біріп-бірі шағып тұр»,-

деген өлеп жолдары Мәшһүр Жүсіптің «Ғалы Арыстанның әңгімесі» дастанындағы идеямен бір сарындас.Ол:

Жылан мен шаян басты қазған көрді,
Барпасы өзім малым көзім көрді.
«Біз – малыпы зекет бермей аздырған!» -

деп,Жабылып мен байғұсты талай берді.

«Ақбөпе» поэмасының басты қаһарманы - Әмірхан мен Ақбопе. Олар шығарманың басынан аяғына дейін көріпіп, алма-кезек суреттелп, типтік жағдайдың

аясын кеңіткен. Екеуі әділетсіздіктің, болымсыздықтың әрекетіне бас имей, ашықтан-ашық қарсы тұрады. «Шығармадағы үлкен жаңалық та, өрелі іс те осы»,- дейді Манап Хасенов жоғарыдағы еңбегінде.

Ойымызды түйіндей келе, Исаның айтарын айтып, ойын көркем сөзбен нақ жеткізетін шығармалары ақынның даралығын, аскан шеберлігін танытады. Заман қайшылықтарын, ел тұрмысын, табиғатты суреттегенде ақын сылдыр сөзге салынып, бұлыңғыр дүниеге түсіп кетпей, сөз өнері мен поэзия күдіретін шебер пайдаланған. Исаның эпикалық тақырыптарға жазған поэмалары өзінің тек мазмұны ғана емес, композициялық құрылысы, көркемдік жақтарымен де құнды. Поэмаларында елдің тұрмыс-салты, қаһармандардың іс-әрекет, мінез-құлықтары ақылға сыйымды, көңілге қонымды етіп суреттелген. Ақын дарын-талантын жазба әдебиетте айрықша танытты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Хасенов М.Х. Иса Байзақовтың ақындығы мен стильдік ерекшелігі. А.: Ғылым, 1976ж., 174 б.

2. Құрастырған: Хасенов М.Х. Иса Байзаков. Екі томдық таңдамалы шығармалар – А.: Жазушы, Т. I. Поэмалар. 1983ж. 232 б.

3. Құрастырған: Хасенов М.Х. Иса Байзаков. Екі томдық таңдамалы шығармалар – А.: Жазушы, Т. II. Өлеңдер мен естеліктер. 1983ж. 232 б.

4. Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. Қазақстан. Павлодар. Паводар Университеті баспасы, 1999. – 384 б.

5. Ай, заман – ай, заман – ай... (Бес ғасыр жырлайды): 2томдық (құрастырушы М.Мағауин, М.Байділдаев). – А., Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Бас редакциясы – РББ. 1991. Т2- 496 б.

6. Ақын Иса Павлодар к., 2000ж. ЭКО ҒӨФ, 160 б.